

ХАБАРЛАМА

2024 жылғы 29 наурыздағы №4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағытының жобаларын орындау шеңберінде Астана қаласының квазимемлекеттік ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесіне (бұдан әрі-СЖТІТ) және Басқарма төрағасының 2024 жылғы 17 сәуірдегі № 235-НҚ бұйрығына сәйкес «Астана-АЭЖ» АҚ (бұдан әрі-Қоғам) Қоғамның бөлімшелерінде СЖТІТ жүргізудің басталғаны туралы хабарлайды.

Қоғам бөлімшелерінің қызметінде СЖТІТ келесі бағыттар бойынша жүргізілетін болады:

- 1) Қоғамның қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырағыш лауазымдарды айқындау;
- 4) мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 5) рұқсат беру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 6) бақылау-тексеру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 7) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 8) жеке және заңды тұлғалармен шарт жасасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 9) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 10) Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Астана-АЭЖ» АҚ
комплаенс-офицері



С. Аманжолов